



БҰЙРЫҚ

2017 ж. 25 желтоқсан  
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 648

г.р.г. Астана

### АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы

Ведомствоаралық өзара іс-қимылы АИТВ-инфекциясының профилактикасы, диагностикасы және емдеу жөніндегі мәселелерді үйлестіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) құрылсын.
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже бекітілсін.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап өз күшіне енеді.

Министр



Е. Біртанов

Қазақстан Республикасы  
 Денсаулық сақтау министрінің  
 2017 жылғы «25» тамыз  
 № 648 бұйрығына  
 1- қосымша

**АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі  
 үйлестіру кеңесінің құрамы**

- |                                     |   |  |
|-------------------------------------|---|--|
| Ақтаева<br>Ләзат Мейрашқызы         | - | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, төрайым  |
| Төлегалиева<br>Ажар Ғинаятқызы      | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры, төрайымның орынбасары   |
| Сәрсенбаева<br>Гүлнәр Еділқызы      | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің әлеуметтік-мәні бар аурулар кезінде медициналық көмек көрсету басқармасының басшысы, хатшы |
| Бекшин<br>Жандарбек Мұхтарұлы       | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің төрағасы   |
| Бюрабекова<br>Людмила Витальевна    | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің төрайымы  |
| Аюбаев<br>Мейрам Ахатұлы            | - | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша)  |
| Есмағамбетова<br>Айжан Серікбайқызы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Стратегиялық даму және қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің директоры   |

- Қаптағасева  
Айгүл Қайратқызы
- Айылханова  
Айнұр Тоқсанқызы
- Негай  
Николай Анатольевич
- Әденов  
Мәлік Молдабекұлы
- Баттақова  
Жәмилә Еркінқызы
- Мырзахметова  
Динара Досалықызы
- Коллакова Татьяна
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің директоры
  - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры (келісім бойынша)
  - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры (келісім бойынша)
  - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)
  - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)
  - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)
  - Қазақстан Республикасындағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының елдік офисінің атқарушы директоры (келісім бойынша)

- Голиусов Александр - Қазақстандағы АИТВ/ЖИТС бойынша Біріккен Ұлтар Ұйымы Бірлескен Бағдарламасы офисінің директоры (келісім бойынша)
- Оксамитный Юрий - БҰҰ Балалар Қорының Қазақстан Республикасындағы (ЮНИСЕФ) өкілі (келісім бойынша)
- Айтмағанбетова Индира Әбдіраққызы - Centers for Disease Control and Prevention (CDC) Орталық Азиядағы өңірлік офисінің атқарушы директоры (келісім бойынша)
- Есімов Дәулетхан Серғазыұлы - «Ұлттық Денсаулық сақтау Палатасы» Басқарма төрағасы (келісім бойынша)
- Құлқасва Гүлнәр Өтепбергелқызы - «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҰАҚ Медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі департаменттің директоры (келісім бойынша)
- Құлжанов Мақсұт Кәрімұлы - «Республикалық медициналық палата» басқармасының төрағасы (келісім бойынша)
- Оралов Санджар Қасымұлы - «СҚ-Фармация» ЖШС басқарушы директоры, Басқарма мүшесі (келісім бойынша)
- Аманжолов Нұрәли Хамрақұлұлы - «АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың қазақстандық одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
- Түмсінова Бақыт Ниязбекқызы - «Аман Саулық» қоғамдық қорының президенті (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы  
 Денсаулық сақтау министрінің  
 2017 жылғы «25» тамыз  
 № 648 бұйрығына  
 2- қосымша

## АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультациялық кеңесші орган болып табылады.

2. Үйлестіру кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасы заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасында АИТВ-инфекциясының таралуына қарсы іс-қимыл мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимыл және диагностика, профилактика мен емдеу жөніндегі мәселелерді үйлестіру үшін құрылған.

4. Үйлестіру кеңесі өз құзыреті шегінде:

1) АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты жетілдіру;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында көзделген АИТВ-инфекциясының таралуын болжамды шектерде ұстау бойынша іс-шараларды іске асыру және орындалуын қамтамасыз ету;

3) облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының, республикалық және өңірлік медициналық ұйымдардың АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіру;

4) АИТВ-инфекциясының таралуын алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында мемлекеттік, қоғамдық, халықаралық және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады.

## 2. Үйлестіру кеңесінің қызметін қалыптастыру мен ұйымдастыру

5. Үйлестіру кеңесін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі басқарады, ол оның қызметіне жетекшілік етеді, отырыстарда төрағалық жасайды, жұмысын жоспарлайды және Үйлестіру кеңесі шығарған шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

6. Үйлестіру кеңесінің құрамына төраға, орынбасар, хатшы және мүшелері кіреді.

7. Төраға болмаған уақытта оның функциясын Үйлестіру кеңесінің орынбасары атқарады.

8. Үйлестіру кеңесінің отырыстары кемінде тоқсанына 1 рет өткізіледі.

9. Үйлестіру кеңесінің мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқықтарысыз қатысады.

10. Үйлестіру кеңесінің шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады, міндетті түрде төраға мен хатшы қол қойған хаттамалармен ресімделеді және ұсынымдық сипатқа ие болады.

11. Егер, Үйлестіру кеңесінің мүшелерінің басым бөлігі оларға дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, онда төраға дауыс берген шешім қабылданады деп есептеледі.

12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы болып табылады.

13. Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы:

1) отырыстың күн тәртібі жобасын қалыптастырады;

2) Үйлестіру кеңесінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады;

3) Үйлестіру кеңесінің мүшелеріне кезекті отырыстың өтетін орнын, уақытын және күн тәртібін хабарлайды және оларды қажетті материалдармен уақытылы қамтамасыз етеді;

4) Хаттама бекітілген күнінен бастап 3 жұмыс күні ішінде оның көшірмесін және өзге де материалдарды Үйлестіру кеңесінің бағыттағы мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға жібереді.

14. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ««ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Үйлестіру кеңесінің отырысына үш күн қалғанда жұмыс органына:

1) отырыс тәртібіне сәйкес талдау анықтамасын;

2) үйлестіру кеңесі мүшелерінің ұсыныстарының негізінде хаттама шешімінің жобасына ұсыныстарды және олар бұрын қабылдаған шешімдерді ұсынуды қамтамасыз етеді.








### **3. Үйлестіру кеңесінің қызметінің тоқтатылуы**

15. Үйлестіру кеңесінің қызметінің тоқтауына Министрліктің шешімі негіз болады.

---

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

**Жобаның атауы:** «АИТВ-инфекциясы мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі бұйрығының жобасы

Қызмет бабы	Т.А.Ә.	Қолы, күні
Вице-министр	Ақтаева Л.М.	
Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті	Бекшин Ж.М.	
Фармация комитеті	Бюрабекова Л.В.	
Зан қызметі департаменті	Тұрмағанбет Т.Ә.	
Ғылым және адами ресурстар департаменті	Қаптағасева А.К.	
Стратегиялық даму және қоғамдық денсаулық сақтау департаменті	Есмағамбетова А.С.	
Медициналық көмек ұйымдастыру департаменті	Төлегалиева А. Ғ.	

Орын: Сәрсенбасва Г.

